

Г. Райзаева* , Ж. Нурматов 

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

*e-mail: gulnaziya.raizayeva@ayu.edu.kz

ИМАМ МАТУРИДИДІҢ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мақалада Ислам дінінің сенімдік мазхабы ретінде белгілі Орта Азия өлкелеріне кең таралған Матуридия мазхабының құрушысы Имам Әбу Мансұр әл-Матуриди мен оның кәламдық және теологиялық көзқарастары туралы сөз қозғалады. Имам Матуриди, Әһлі Сүннә уә әл-жамаға жолының амалдағы басты мазхабы Имам Ағзам Әбу Ханифаның дәстүрін ұстана отырып, өзінің мектебін дамытқандығы көрсетіледі. Матуридидің өз көзқарастарында ақылға баса мән беріп, оның Алланы танудағы ролін егжей-тегжейлі сипаттауына қатысты деректер мен мәліметтер беріледі. Ғұламаның мектебін жалғастырған шәкірттерінің оған қатысты пайымдары келтіріледі. Сонымен қатар оның бүгінге жеткен қос бірдей еңбегі «Тәуилату-л Құран» мен «Китабу-т таухид» кітаптарының кәламдық тұрғыдан мәні мен маңызына, қолданған әдіс-тәсілдеріне орын беріледі. Имам Матуриди еңбектеріндегі «улухият», «адамның еркі мен қалауы», «тағдыр», «нубуат», «иман және үлкен күнә» сияқты кәламдық тақырыптар талданады. Сондай-ақ, Имам Матуридидің теологиялық көзқарастарының ішінен «Алланы тану», «көркемдік пен ұсқынсыздық», «адамның еркіндігі», «күш жетпейтін міндетті жүктеу», «тәкуин», «хикмет пен себеп», «Алланың сөзін есту», «пайғамбарлардың ер немесе әйел болу мәселесі» тақырыптары қарастырылып, Әшәрия мазхабындағы кәламдық ой-пікірлермен салыстырыла зерделенеді.

Түйін сөздер: Имам Матуриди, кәлам, әһлі сүннә, ақыл, иман.

G. Raizayeva*, Zh. Nurmatov

Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan

*e-mail: gulnaziya.raizayeva@ayu.edu.kz

Teological views of imam Maturidi

The article analyzes the theological system of Imam Abu Mansur al-Maturidi and his theologians, the founder of the Maturidiyya Madhhab, which is widespread in Central Asia as a sect of Islam. It is stated that Imam Maturidi developed his school following the tradition of Imam Aqzam Abu Hanifa, the main sect of the Ahl as-Sunnah wa'l-Jama'ah. Maturidi's views focus on reason and provide a detailed description of his role in the knowledge of God. Here are the opinions of the students who continued the school of the scholar. We have also paid special attention to the theological significance and methods of the two books "Tawilatu-l Quran" and "Kitabu-t Tawhid", which have survived to the present day. Imam Maturidi's works discuss the issues of "divinity", "human will and desire", "destiny", "prophethood", "faith and great sin". Also, Imam Maturidi's theological views include "knowledge of God", "art and ugliness", "human freedom", "imposing an insurmountable task", "taqwa", "wisdom and reason", "hearing the word of God", "prophets". The issue of being a man or a woman "will be selected and studied in comparison with the theological views of the Ashariyya Madhhab.

Key words: Imam Maturidi, Kalam, Ahl as-Sunnah, Intellect, Faith.

Г. Райзаева*, Ж. Нурматов

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,

Казахстан, г. Туркестан *e-mail: gulnaziya.raizayeva@ayu.edu.kz

Теологические взгляды имама Матуриди

В статье анализируется богословская система имама Абу Мансура аль-Матуриди и его богословов, основателя мазхаба Матуриди, широко распространенного в Средней Азии как школа ислама. Утверждается, что имам Матуриди развил свою школу, следуя традиции имама Акзама Абу Ханифы, основной школы Ахль ас-Сунна ва'ль-Джамаа. Взгляды Матуриди сосредоточены на разуме и дают подробное описание его роли в познании Бога. Приводятся суждения учеников, продолжавших школу Матуриди, относительно него. Вот мнения учеников, продолживших школу ученого. Мы также уделили особое внимание богословскому значению и

методам двух книг «Тавилату-л Коран» и «Китабу-т Таухид», которые сохранились до наших дней. В произведениях Имама Матуриды обсуждаются вопросы «божественности», «человеческой воли и желания», «судьбы», «пророчества», «веры и великого греха». Кроме того, богословские взгляды Имама Матуриды включают «познание Бога», «искусство и уродство», «человеческую свободу», «возложение непреодолимой задачи», «таква», «мудрость и разум», «слышание слова Божьего», «пророки». Вопрос о том, быть мужчиной или женщиной будет выбран и изучен в сравнении с теологическими взглядами Ашарийа Мазхаба.

Ключевые слова: имам Матуриды, калам, ахль ас-сунна, разум, вера.

Кіріспе

Ислам дініндегі ең басты сенімдік екі мазхабтың бірі ретінде танылған Матуридия мектебінің мәні мен маңызы, шығу тарихы мен таралған аймағы, өкілдері мен еңбектері, қағидалық ерекшеліктері мен қазіргі жай-күйі дінтану саласындағы өзекті тақырыпты құрайды. Мақалаға негіз етіп алынған имам Матуридидің теологиялық көзқарастары – діни тәжірибеміздің сенімдік-доктриналық негізін айқындаудағы маңызды құбылыс.

Имам Матуриды – Әһлі Сүннә уә әл-жамаға жолының амалдағы негізгі мазхабы, Ханафи дәстүрінің құрушысы Имам Ағзам Әбу Ханифаның кәламға қатысты көзқарастарын рациональды тұрғыдан негіздеп дамытқан, Ислам әлемінде Әһлі Сүннет сенімінің орнығуына үлкен үлес қосқан атақты кәламшы, тәпсірші, фықһ ілімінің білгірі. Матуридидің кәламдық жүйесін «иман», «үлкен күнә», «адамның еркі мен қалауы», «тағдыр», «нубууат» сияқты мәселелер құрайды. Матуриды сонымен қатар өзі өмір сүрген дәуірдегі басқа діндер мен мазхабтар мәселесінде де құнды пікірлер білдіріп, олардың қателіктері мен кемшіліктерін айқындап көрсете білген.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қазіргі таңда дін мәселесінің қоғамдағы өзекті мәселенің бірі екендігі баршамазға белгілі. Әсіресе жастардың арасында дәстүрлі діни танымымызға сай келмейтін жат ағымдардың белсенділігі айқын көрінеді. Қазіргі уақытта еліміздегі дін мәселесінің осылай өткір тақырыпқа айналуына себеп сенім мен танымға байланысты болып отыр. Бүгінгі күні Матуридия мазхабын зерттеп-зерделеуге деген қызығушылыққа себеп болған ең басты фактор ретінде Орта Азия мен Қазақстанда бой көрсеткен «саяси ислам» көріністері мен радикалды ағымдардың қарқынды таралуын атап көрсетуге болады. Еліміздің тарихында маңызды орынға

ие дәстүрлі діни танымымыз саналатын ханафилік, матуридилік ілім туралы зерттеулер бір ізге түсіп келеді. Түркия, Германия, Франция, Қазақстан, Өзбекстан т.б. мемлекеттердегі ғалымдар Матуридия мазхабын академиялық тұрғыдан зерттеп, осы салаға айтарлықтай үлес қосып келеді. Біз бұл мақаламызда Матуриды ілімінің негізгі кәламдық, яғни теологиялық көзқарастарын анықтап, салыстырмалы түрде талдауға тырысамыз.

Мақаламызда тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектері мен түпнұсқа қайнаркөздерді пайдалана отырып, діттеген қорытындыға қол жеткізу үшін алдымызға төмендегідей мақсат пен міндеттерді қойып отырымыз:

– Имам Әбу Мансұр әл-Матуридидің көзқарасының қалыптасуына әсер еткен жағдайлар мен шарттарды айқындау, оның туып-өскен ортасына әлеуметтік-мәдени тұрғыдан баға беру;

– әл-Матуридидің көзқарастарында, ойларында, пікірлерінде қолданған әдіс-тәсілдерді анықтап, оның кәламдық жүйедегі мәні мен маңызын таразылау;

– Матуридия мектебінің негізгі дінгегіне баланатын ұғым-түсініктерге сипаттама беріп, олардың діни сеніммен байланысын талдап көрсету;

– Имам Матуридидің кәламдық жүйесін Имам Әшәридің көзқарастарымен салыстыра отырып зерделеу. Сол арқылы оның тұжырымдарының ерекшеліктерін ұғыну.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін деректерді зерттеу, феноменологиялық талдау, салыстырмалы талдау, кезеңдендіру, әдебиеттерді шолу әдістері құрайды.

Негізгі бөлім

Имам Матуридидің өмір сүрген кезеңіндегі әлеуметтік-рухани жағдай

Түркі даласынан шыққан ұлы ғұлама имам Әбу Мансұр әл-Матуриды Ислам дінінің сенімдік

жүйесін нығайтып, ақидаға қатысты түсініктер мен қағидаларды орнықтырған. Оның толық аты-жөні Мұхаммед ибн Махмұд Әбу Мансұр әл-Матуриди әс-Самарқанди. Кейбір қайнаркөздерде оның аты «Әбу Мансұр әл-Матуриди» және «аш-Шейх әл-Имам Әбу Мансұр әл-Матуриди» деп те кездеседі. Замандастары мен шәкірттері оған «Шейх», «Имамұл-худа», «Аламул-худа», «Имам заһид», «Әһлі Сүннә уә әл-жамағаның имамы», «Шейхул-Ислам», «Имам әл-мутақаллимин», «Рәйіс ас-сунна» деген құрметті лақаптар мен дәрежелерді еншілеп берген (Әділбаев, 2018: 194). Имам Матуриди өз мектебін қалыптастыру жолында Мұхаммед пайғамбар мен оның ілімін жалғастырған имамдардың, ғалымдардың көзқарастарына сүйенген. Оның ішінде Матуридидің Әбу Ханифаны ұстаз тұтып, ақидалық тұжырымдарын қабыл еткендігін көреміз (Yurdağur, 2017: 48). Орта Азия мұсылмандары ислам дінін қабылдаған кезден бері негізінен Сүнни дәстүрді, оның ішінде Ханафи мазхабын ұстанып келеді. Ғасырлар бойы Орта Азия елдерінде «Ханафи» амалдағы мазхаб, ал «Матуридия» сенімдегі мазхаб болып таралды. Қос мазхабтың қағидалары, ілімдері мен тұжырымдары дәстүрлі медреселерде танытылып және оқытылып келді (Akimkhanov, 2016: 42).

Имам Матуриди өзін Әбу Ханифаның шәкіртімін деп санағандықтан, соның ұстанымдары мен қағидаларын басшылыққа алды. «Китабу-т Таухид» кітабының кіріспесінде ақылдың таным қабаттарын нақты бір жүйеге салып береді. Ол адам діннің асыл мәйегін таза ақылмен, хабармен (аят пен хадис), сондай-ақ бес сезім мүшесімен танып-біледі деп көрсеткен. Осы пікірі үшін оған «ақылға қатты мән берме, адасып кетесің. Өзің ғана адасып қоймай, артыңнан ерген халықты да жолдан тайдырасың» деп қарсы шыққан замандастарының да болғаны деректерде кездеседі. Имам Матуриди оларға қарсы мынадай уәж айтқан: «Ақылды қолданбай бір нәрсе істеуге бола ма? «Иә, болады» десек, онда «ақылға мән берме, адасып кетеміз. Құран мен хадисті ғана жаттап жүрсек сол жетеді» деген ойды қандай негізде айтып отырсың?». Матуриди бұдан бөлек адамның бес сезім мүшесін, яғни көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сипап сезуді де ақылға ұластырды. Адам бір нәрсені көрсе де, дауысты естісе де, бір нәрсені сипаса да, тағамның дәмін татып сезсе де, бір иісті иіскесе де – оның қасиетін, ерекшелігін ақылдың елегінен өткізіп болғасын ғана таниды. Ғұлама бұл мәселеде Құранда жиі айтылатын «ақылға салыңдар» деп бұйыратын аяттарға жүгінді. Ақылдың мәнін

терең ашу, яғни эпистемологиялық таным Матуриди мектебінде қағида ретінде орныққан соң, Орта Азияда, оның ішінде түркі даласында еркін ақыл-ой кеңінен жайылды. Матуриди мектебінің «Әһлі Рай», яғни «еркін ақыл ортасы» деп аталатыны осы себептен. Имамның шәкірттері де дін тарату, үйрету кезінде оның осындай тұжырымдарын басшылыққа алып отырды. Олардың арасында Әбу-л Муин ән-Насафи (1141 жылы қ.б.), Нуриддин әс-Сабуни (1184 жылы қ.б.), Әбу-л Юср әл-Пәздауи (1199 жылы қ.б.) сияқты ғалымдарды атап өтуге болады.

Матуриди жолын жалғастырған шәкірттерінің бәрі оның Имам Ағзам Әбу Ханифаның көзқарасын ұстанғандығы мәселесінде ортақ бір байламға келеді. Әбу-л Муин ән-Насафи «Тамхид» атты еңбегінде: «Имам Матуриди қолданған тәсілдері мен үкімдерінің бәрінде Имам Ағзамға ұйыған ғұламалардың ең абзалы» деп сипаттайды. Сонымен қатар, әл-Матуриди және оны үлгі тұтқан ғұламалардың «Матуридия» кәлам мазхабын қалыптастырғандығы жайлы тұжырым орныққан ұғым ретінде қабылдануы тиіс (Yazicioglu, 1985: 293). □□□□□

Аббаси халифасы – әл-Мутауаккил (861 ж.ө.) билік құрған дәуірде өмір сүрген Матуриди негізінен Халифаттан жырақтағы Саманилер билігі қол астындағы Мауараннаһр өлкесінде ғылыми қызметін жүзеге асырған. Саманилер әулеті Ислам дініне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының дұрыс жолға қойылып, көркеюіне елеулі үлес қосты. Елде тәпсір, құқық, хадис, тасаууф, кәлам, тіл мен әдебиет секілді түрлі ғылым салаларындағы білімдарлар бой көрсете бастады. Тіпті, елдегі мұсылман емес адамдарға да ерекше кеңпейілдік танытылды» (Қалмахан, 2018: 26).

Манихейзм мен Бағдаттан қашып Мерв және Хорезм өлкесіне келген көптеген бидғат ағымдардың әсіресе Мутазиланың Мауараннаһрда бой көрсетуі Матуриди мен замандастарының еңбектерінде көп орын иеленіп, олардың көзқарастарын сынаумен көрініс тауып жатты. Матуриди зороастрлар, манихейліктер сияқты әртүрлі дуалистік топтардың көзқарасын батыл терістеді (Zhussipbek, Satershinov, 2019: 33).

Түркияның теолог ғалымы Шабан Али Дүзгүн Ислам өркениетінің қалыптасу тарихындағы Орта Азияның ролін былайша атап өтеді: «Құран Меккеде түсті, Мысырда оқылды, Ыстанбұлда басылды және Мауараннаһрда түсіндірілді деген сөз қалған. Әдетте барлық діннің мән-мағынаға бай мәдениеті оның пайда болған жерінен гөрі таралған аймақтарында қалыптасқан. Мысалы,

Ғайса пайғамбар Таяу Шығыста дүниеге келгенімен, христиан өркениеті Еуропаға тамыр жайды. Будда Үндістанда туғанымен, мәдени жемісін Үнді-Қытай түбегінде берді. Сол сияқты Ислам діні де өз мәдениетін туған жерінде емес, дін жайылған өзге аймақтарда паш етті. Шам, Кордова, Бағдат, Ыстанбұл, Самарқанд және Түркістан сияқты қалалар Исламның мәдени астанасына айналды (Керімбай С., Төлеген М., Нәби А., 2014: 20). Осының себебінен Құранның рухани маңызы мен мәйегі Орта Азияда ашыла түсті. Құран Кәрім Арабия түбегінен алыстап, өзге аймақтарға таралған сайын оның мағынасын түсіндіру тәсілдері де түрленіп отырды. Яғни, жергілікті өркениет пен мәдениет Құран рухымен шырайлана түсті. Бұл Исламның тарихта әр түрлі қырынан танылуы дегенді білдіреді» (Düzgün, 2012: 11). Осы пікірден де көрінгендей, Исламның мәйегін танытатын маңызды еңбектердің көбісі Мауараннаһрда, әсіресе Самарқанд қаласында жазылған болатын.

Мауараннаһр өлкесінен бастау алып шығып, Хорасан арқылы Ислам әлеміне кеңінен жайыла бастаған бұл мазхабтың негізгі ұстанушылар шоғырын түркі халықтары құрады. Ал бұл ілімге қолдау көрсетуде түркі билеушілердің маңызды қызмет атқарғанын аңғарамыз. Сонымен қатар ескере кететін бір мәселе, тарих бойынша құқықтық және кәламдық мазхабтар арасындағы қайшылықтар Әһлі Сүннәнің Ханафи мазхабымен қабысатын әшарилік мазхабына қатысты өрбігенмен, Матуриди көзқарасын ұстанатын ғұламалар Боснидан Оңтүстік Азияға дейінгі аралықта нақты мәселелер бойынша тартысқа түсіп, жеңіске жетіп отырды (Bruckmaur, 2009: 60).

Имам Матуридидің еңбектері

Әртүрлі деректер бойынша Имам Әбу Мансұр әл-Матуриди көптеген еңбек жазып қалдырса да, бүгінгі күнге жеткен және танымал болған шығармалары ретінде қос бірдей еңбегін айрықша атаймыз. Біріншісі, «Тәуилату-л Құран», екіншісі «Китабу-т Таухид». «Тәуилату-л Құран» тәпсір саласын қамтитын, сондай-ақ кәламдық мәселелерді де егжей-тегжейлі зерделейтін еңбек. Ал, «Китабу-т Таухид» тұтастай кәлам ілімінің қағидаларын негіздеген басты шығармасына баланады (Özel, 2017: 38).

Имам Матуридидің «Китабу-т Таухид» атты шығармасы кәлам саласындағы негізгі еңбегі болып саналады. Аталмыш мектепте кәлам ілімінің барлық тақырыбы қамтылып, жақсы қалыпқа келтірілген. Бірақ кітаптың түсіндірме тілінің тым ауыр екендігін, «Тәуилату-л

Кураннан» гөрі қиынырақ ұғынылатынын айтып өткен жөн (GöTz, 1965: 28).

«Тәуилату-л Құран» еңбегі «Тәуилату-л Әһлі Сунна» атымен де кең танылған. Бұл еңбекте сенім жүйесі мен фикһи деректермен бірге сол замандағы діни ағымдар мен Исламнан тысқары сенім жүйелері де аталып, Әһлі сүннә көзқарасына сәйкес қарастырылады. «Тәуилату-л Куран» Имам Матуридидің шәкірттерінің ұстазы айтқан дәрістерінің жинағы ретінде құрастырылған туынды. Матуридидің Құран түсіндірме әдістемесі ғылым тілінде дираят деп аталады. Дирият тәпсірі семантикалық әдіске және мәтін анализіне сүйенеді. Матуриди Құран мәтінін тілдік тұрғыдан терең талдау арқылы, ақыл жүгіртіп тануға шақырып тұр. Өйткені діннің негізі уахи болса, діни танымның және діни мәдениеттің өзегі де тіл болып табылады (Düzgün, 2012: 15).

Матуриди «Тауилату-л Құран» және «Китабу-т Таухид» еңбектерінде рационалдық (ақли) ойлау мен дәлелді жақтап уахидің жол көрсетуіне негізделген ақылға жүгінеді. Алланың бар екендігі туралы рационалдық дәлел келтіруді міндетті түрде қажет деп санайды.

Имам Матуридидің теологиялық көзқарастары және оның ерекшелігі

Қазақ халқының сенімдік тұрғыдан дәстүрлі діни ұстанымы Әбу Мансұр әл-Матуридидің қалыптастырған Матуриди мазхабына негізделеді. Имам Матуриди сол кездегі проблемаларды шешуде өз көзқарастарын рационалды түрде тұжырымдап Әбу Ханифаның көзқарасын дамытып жүйеге келтірді. Ол Самарқандта мутазила, керрамия, шиа, батиния сияқты ағымдарға қарсы күресіп сүнниттік көзқарасты қорғаған кәламшы болып табылады. Матуридидің көзқарастары әуелі Самарқандта қолдау тауып сүнниттік мазхаб болып Мауараннаһр және Хорасан аймақтарында кең таралды. Қазіргі таңда Матуриди мазхабы әлем мұсылмандарының жартысынан көпшілігі ұстанатын сенімдік мазхаб болып табылады. Матуридилік ұстаным мен қазақтың дәстүрлі діни танымы сабақтасып келеді. Қазақтың діни танымының мазмұны Матуриди сенімі негізінде қалыптасты. Қазіргі таңда қазақ қоғамында толеранттылық, ақыл ой еркіндігі сияқты құндылықтардың орнына иман мен амал тұтастығын, діни фанатизм мен құдайлық детерминизмді насихаттап халықты ойсыздыққа итермелеп жатқан діни таным жат, діни тәжірибемізге үйлеспейтін діни ағымдар белең алып келе жатыр. Сондықтан да қазақ қоғамы үшін маңызы зор әрі қоғамдағы діни аху-

алды реттеудің тетігі Матуриди мұрасына оралу маңызды болып табылады. Төменде қазақтың діни танымымен сабақтасып келетін Матуридия мектебінің теологиялық, яғни кәламдық көзқарастарын қысқаша талдап көрелік:

Улхият. Алланың бар екендігі адамдардың әлем жайлы қарапайым ой жүгіртуі арқылы болса да біліне алатын жағдай. Бұл мәселеде адамның ішкі дүниесінен болсын, немесе сыртқы факторлардың әсерімен болсын Алланың барлығына дәлел бола алатын худус, ойлану мүмкіндігі, ғытрат (онтологиялық), мақсат-низам (реттілік пен үйлесімділік) дәлелдер секілді тәжірбиеге сүйеніп истидлал ақылмен (тәжірбиеге сүйенген ақыл) әрекет етуге болады. Матуридия мектебінің көзқарасы бойынша әлемнің пайда болуын зерттеп-зерделу арқылы оның ілім, қалау және құдірет иесі Жаратушы тарапынан жаратылғандығын танып білу жеткілікті (Sabuni, 2014: 55). Осыған сәйкес Алланы терістеу – ақылға сүйену арқылы болатын жағдай емес, керісінше адамның психологиясынан келіп шығатын дүние. Демек, адамдар Алланың барлығын ақыл арқылы танып білуге міндетті. Алла пайғамбар жіберіп, адамдарға тура жолды көрсетпесе де, ақылдарымен Алланы табуға міндетті (Serdar, 2012: 238).

Адамның еркі мен қалауы. Матуридидің көзқарасы бойынша адам өз әрекеттерінің иесі. Бұған қоса, Алла қалау сипатымен әр нәрсенің қалаушысы және әр нәрсені Ол жаратады. Бірақ, адам өзіне тиесілі қалауы мен күші арқылы әрекеттерін жүзеге асырғандықтан, іс-әрекеттерін өзі тән етеді, жасаған жұмыстарынан сұралады. Адамның жасаған істерінен сұралатындығын, іс-әрекеттерінің негізінде жаза немесе сый берілетіндігін Құран аяттары да дәлелдейді (Фуссилат 41/40, Зілзәл 99/7-8). Алла адамдарға әрекеттерін жүзеге асыраты күш (истатаат) берген. Бұл күш әрекеттен алдын және әрекетпен бірге деп екі түрлі танылады. Әрекеттен алдынғысы физикалық мүшелердің сау болуымен әрекеттің жүзеге асуы. Екіншісі, жақсы немесе жаман нәтижеге жеткізетін әрекеттің орындалуы барысында адамда пайда болатын күш. Адам сұрауға алынатын барлық істерін еркі арқылы қалайды және күш арқылы жүзеге асырады (Maturidi, 2013: 432). Осыған сәйкес Матуридилер бойынша іс-әрекеттердің екі жағы бар. Іс әрекеттер – ерік, таңдау және жүзеге асыру жағынан адамға тән, оларды жарату жағынан Аллаға тән.

Тағдыр. Қаза мен тағдыр мәселесі барлық Ислам кәламшылары сияқты Матуридидің де ба-

рынша егжей-тегжейлі зерделеген мәселелерінің арасынан орын алады. Бұл мәселе, бір жағынан, барша ғаламның жаратушысы, абсолютті ілім, қалау мен құдірет иесі Алла тағаланың үстемдігіне, екінші жағынан, Алланың халифасына баланатын адамның еркіндігіне тікелей қатысты (Işık, 2013: 28). Алланың абсолютті (мұтлақ) құдіретінің сәулесінде адамның еркіндігі мен жауапкершілігін негіздеу оңай шаруа емес.

Мутазила «Адам – әр ісінің жаратушысы» деген. Пенденің лас ісіне Алланы кірістірмеу мақсатында тәнзих (Алланы жаратылысқа тән әрекет пен сипаттан ада тұту) принципіне сай логикаға жүгінген. Бұған жүз пайыз қарама-қарсы пікір ұстанған Жәбриа болды. Ол Алланың абсолютті құдіретін негіздеді. «Адамда ерік жоқ. Іс-әрекетінің жалғыз жаратушысы Алла» деп жауап берді. Бірақ бұл жауап жарамсыз боп шықты. Себебі «сонда адамның жауапкершілігі қайда қалды?» деген сұрақ жауапсыз қалады. Оның позициясы ісіне жауапсыз жалқауларға майдай жақты. Сондықтан да Жәбрианың ізінен ергендер қоғамда ешқандай да жауапкершілік арқаламады. «Алланың қалауымен солай болды» деп бүлдірген ісін Аллаға жауып кете беретін болды.

Әшәри мектебінің өкілдері мынадай көзқарас ұстанды: «Адамның іс-әрекетінің ролін толық жоққа шығармаймыз. Оның ерік-қалауы Алланың қалауының көлеңкесі сияқты құбылыс».

Ал, Матуриди бұл концепцияны кәсіп тұрғысынан негіздеді. Яғни адам бір кәсіпті таңдайды. Соның қас шебері болуды қалайды және армандайды. Қалау мен армандау адамның міндеті. Осы ой күйінде тұрған идеяның жүзеге асып шығуы Аллаға тәуелді. Адамның арманы, қалауы, жанталасып әрекеттенуі және Алланың соны жарыққа бар етіп шығаруы бір нүктеде тоғысқанда дүниеге жаңа кәсіп келеді. Осылайша Алланың қалауын кісінің таңдауына байлай отырып тың қорытынды жасады. Бұл тағдыр мәселесіне қатысты ең түсінікті әрі сәтті қорытынды боп адамзат ойының алтын қорына қосылды.

Иман және үлкен күнә. Матуриди дүниетанымына сәйкес, иман мен ақыл арасында тығыз байланыс бар. Оның жүйесін зерделегенде, сезімдер, хабар мен ақылдан тұратын білімнің қайнаркөздері ішінде басқа екі қайнаркөзден келетін білімдердің дұрыстығын сыннан өткізетін негізгі бастаудың ақыл екендігін көреміз. Ақылдың бірінші міндеті – әлемнің жаратушысын танып, соны ділмен бекіту, яғни тасдик. Бұдан

бөлек, ақыл діни және дүниелік мәселелерде өте көп функция атқарады. Бұл тұрғыдан, ақыл діни мәселелерде иманның көмекшісі іспеттес. Иманда асыл негіз – жүректің тасдиқы. Адам жүрегінен басқа мүшелеріне иелік ете алса да, өзі қаламаған жағдайда жүрегіне көп ретте қожайындық қыла алмайды. Иман – амалдардың жүзеге асуының шарты болып көрінгендігінен, ең көркем суреттегі амал, жүректің амалы болып көрінетін – иман. Сөздік мағынасы тұрғысынан әртүрлі мағыналарды білдірсе де иман мен ислам бір мағынаны білдіреді. Адамда біреуі бар болса, екіншісі де бар деген сөз. Иман тасдиққа табан тіреуіне байланысты нақтылық табады; иманда ерекшелік болмайды (яғни иманда әртүрлілік жоқ). Иланған (сенген) адам шынайы мүмін болғандығын сөйлеуі керек, «Ишалла муминмін» деуіне болмайды. Адамның мумин болуы үшін негізгі шарт тасдиқ болғаны үшін, амалында нұқсан бар немесе амалды тәрк еткен адам иманнан шықпайды, мумин болу міндетінен айрылмайды (Sabuni, 2014: 165).

Иман адамның нақты бір хабарға мойынсынуымен тұрады. Осы себепті әр иман еткен кісі иманын нақты бір мәлімет пен қуатты дәлелдер арқылы қуаттауы керек. Мұсылман істеген үлкен күнәсінің себебімен иманнан шықпайды және күпірлікке түспейді. Ол бұл дүниеде шынайы мумин болып саналады. Алайда істеген күнәсына байланысты пасық, яғни әдепсіз мумин болып есептеледі. Істеген күнәнің себебімен Алланың жазасына ұшырауы мүмкін. Мұндай адамның ақыреттегі жағдайы Алланың қалауында, қаласа кешіреді, қаласа жазалайды. Адам істеген күнәсі себепті жүрегінде қорқу сезіп, әрі Алланың кешірімінен үміт етуі керек. Яғни қорқу мен үмітті тең ұстауы керек. Амалдар иманның бір бөлігі емес. Амалдар иманнан бөлек. Өз алдына жеке-жеке парыз. Шартты және күмәнді иман болмайды. Бір мумин иманын және мумин болғанын күмәнға орын берместен баяндауы керек. Яғни «Мен шынында мүмінмін» деуі керек. Амалдар иманның бір бөлігі болғандығы үшін амал істеумен иман артпайды, оларды тәрк етумен немесе күнә істеумен азаймайды. Бірақ күнәһар болып Алланың алдында жазасын өтейді. Егер күнәлі іс-әрекеттерге жеңіл қарап немесе қарсы шыға отырып күнәні істесе иманын жоғалтады. Бүкіл мұсылмандар және иман еткендер имандарында тең болып табылады. Бірінің иманы екіншісінен жоғары немесе аз емес. Айырмашылық тек қана амалда ғана. Иман сипатына қол жеткізген кісі сол уақытта Исламдық сипатынада қол

жеткізеді. Яғни бүкіл мұсылмандар мүмін, бүкіл мүміндер де мұсылман. Алла кейбір аяттарда жақсылық жасағандарды марапаттайтына уәде етіп, ал кейбірлерін болса жамандық, зұлымдық жасағандары және күнә істегендерді жазалайтынын немесе мәңгі тозаққа тастайтынын айтады. Егер Алла бір жақсылыққа қарсылық ретінде сый беретініне уәде етсе, ол бұл сөзінен еш қайтпайды және бұл сыйын береді. Бірақ мәңгі тозаққа тастауымен қорқытса, Алла бұл қорқытуынан мейірімділігі мен аяушылық сипаттарымен бас тартып құлын кешіруі мүмкін (Serdar, 2012: 242).

Амал-иман өз алдына дербес болуы, Матуридилердің иман түсінігінің негізгі омыртқасын құрайды. Олар, амалға сенуді бөлек нәрсе, парыз болғанын біле тұра орындамауы бөлек деп қабылдайды. Парыз болғанына сенбеген кәпір, парыз болғанына сене тұра амал қылмаса күнәһар мүмін болады. Олардың пікірінше намаз, ораза, зекет және қажылық иман негіздерінен емес, иманның сырттындағы парыздар немесе иман және Исламның негізгі қағидалары. Құранда көптеген жерінде иман еткендердің және салих амал істегендердің меңзеу әрпі болған «уау» арқылы бір-бірінен бөлінуі бірдей есім болып бірлестірілмеуі амалдардың иманнан болмайтындығының дәлелі. Егер амалдар иманнан болған болса, нәбилерде барлық жақсылықтарды (мойынсұнушылық) толықтай орындай алмағандықтан ешкімнің иманы кемелді болмайтын еді.

Имам Матуридидің келесі пікірлерінің бірі «үлкен күнә жасаған адамның ақыреттегі жағдайы қалай болады?» деген мәселеде ерекшеленді. Ислам ғұламаларының көпшілігі Аллаға иман келтірген мүміннің мәңгілік тозақта қалмайтындығына сенген болатын. Ал, Харижилер болса, үлкен-кіші күнә істеген адамды мүмін санатынан шығарып, кәпір деген еді. Мутазалиттер болса, үлкен күнә жасаған адамды мүмін емес, мұсылман (сыртқы пішінімен Алланың дінінде болып көріну) деп санады. Сондай-ақ, үлкен күнә жасаған мұсылман тәубе етпеген болса, мәңгілік тозақта қалады. Бірақ, бұндай кісі кәпірлерге қарағанда, тартар азабы жеңілдеу болады деп ойлады (Serdar, 2012: 243).

Бұдан аңғаратынымыз, Харижилер мен Мутазалилер амал етуді иманның бір бөлшегі деп ұғады. Ал, Әшәрилер мен Матуридилер болса, амалды иманмен тұтас деп қарастырмайды. Осы себептен де, олар үлкен күнә жасаған мұсылманды діннен шықты деп айтпайтын. Бұндай адам тек есепке тартылып, жазаланады.

Бәлкім Алланың рахымымен кешіріліп, жазаланбауы да мүмкін деген көзқараста болды.

Имам Матуриди бұған қатысты ойын былайша сабақтайды: «Күнәһар мұсылмандардың ақыреттегі жағдайын Аллаға қалдырғанымыз жөн. Егер, Алла қаласа рахым етіп, күнәһар пендесін кешіреді. Қаласа күнәсіне қарай азап шектіреді. Бірақ, өзіне иман келтірген адамды мәңгілік тозақта азаптамасы анық. Осылай ойлағанда адам «үміт» пен «үрейдің» арасында күн кешеді. Себебі, Алла кішкентай бір күнә үшін рахым етпей, пендесін азаптауы немесе үлкен күнә жасаған пендесін кешіруі деп мүмкін. Алла Құран-Кәрімде: «Алла өзіне ортақ қосқанды жарылқамайды да, бұдан өзге күнә жасаушыларды кешіреді. Кімде-кім Аллаға серік қосса, расында, үлкен күнә жасаған болады» (Ниса, 4/48) деп бұйырып, Аллаға серік қосушыларды ғана кешірмейтінін айтқан.

Ақырет. Матуриди Құранда ақырет өмірін білдіру үшін қолданылған бірнеше ұғымдарға назар аударады. Оған сәйкес, Құранда ақыреттің бүтіндігін көрсету үшін «әл-ахира», «дар ул-ахира» (ақырет жұрты), «әл йаум-ул ахир» (соңғы күн) деген сияқты сөз тіркестері айтылады. Сонымен бірге ақырет өмірінің сатыларын және ерекшеліктерін білдіру үшін бірнеше сөздер қолданылған. Ақыреттің басталған кезінен қияметтің бір сәтте келетіндігін айту үшін «әс саа», оның болуына қатысты ортаға келуі мүмкін күмәндерді кетіру үшін «әл хаққа» деген сияқты, қорқынышты гүріл тудыратындығын білдіру үшін «әл қарифа», «әт тамма», әр нәрсені мойынсұндырған, құлақты жарып жібере жаздайтын даусының себебінен «әс сахха», қиямет және қабірден тірілуді сипаттау үшін «йаумул қиямет», «йаумул бағс», «йаумул хуруж» және «йаумун нушур» сияқты тіркестер ақырет өмірінің бір сатысы ретінде аталып өтеді. Есеп беру үшін жиылатын шоғырды сипаттау үшін «йаумул жам», жақсылар мен жамандарды бір-бірлерінен айыруды баяндау үшін «йаумул фасл», есеп беруді білдіру үшін «йаумул хисаб» сөз тіркестері қолданылады. Әсіресе ақыреттегі адамның өкінішін сипаттау үшін «йаумул хасре», «йаумуд дин», оның тұрақтылығын білдіру үшін «дарул хулд», «дарул қарар» және «дарул мұқама» деген сияқты ұғымдар кездеседі.

Матуриди Құрандағы ақырет өмірі және кейбір кезеңдеріне байланысты бұл ұғымдарды қолданады. Ақыретке иман келтіру – бұл-жымайтын негізгі қағидалардың бірі. Имам Матуридидің өзгелерден тағы бір ерекше пікірі қиямет күні Алла Тағаланың жүзі көріне ме,

көрінбей ме? деген мәселеде болатын. Әсілі, Құран-Кәрімде: «Қиямет күні кейбір жүздер жарқырап, Раббына қарайды» (Қиямет, 75/22-23) деп бұйырылып, ақырет күні кейбір адамдардың Оған қарайтындығы айтылған. Имам Матуриди Құранда баяндалғанындай қиямет күні Алланың жүзі көрінеді деп сенді. Мутазилә өкілдері қиямет күні Алланың жүзі көрінбейді деген болатын. Өйткені, олардың пікірінше көрінген нәрсенің мекені болады деп білетін. Осылай ойлаған болсақ, Алланың да мекені бар болып шығады. Сондықтан, Алланың жүзі бар деген пікір дұрыс емес деп ұқты.

Имам Матуриди болса, қиямет күні Алланың көрінуі, бұл қияметтік хал болатын. Ақыретте Алла көрінсе, демек, ол заттан және мекеннен тұрады деп ойлау, бұл дүниелік көзқарас. Ал, қиямет күнгі жағдайдың қалай болатындығы бізге беймәлім. Сондықтан, Құранда қиямет күні Аллаһтың көрінетіндігі туралы анық айтылса, біз бұған сенуге тиістіміз деген ұстанымда болды. Әрі бізге білінбейтін нәрселер хақында пікір айтпау туралы Құран-Кәрімнің: «Өзің білмеген нәрсенің соңына түспе. Расында, құлақ, көз және жүрек олардың барлығы ондан сұралады» (Исра, 17/36) деген аятты негізге алып, Алла ақыретте көрінбейді деген Мутазалиттерді сынға алды (Sabuni, 2014: 87).

Матуридидің көзқарасы бойынша Алла Тағала ақыретте көрінеді. Бұлардың мағынасы мен әңгіме болып отырған оқиғалардың сипатын, ерекшеліктері мен мақсат-мүдделер арасында сәйкестік бар екендігін көрсетеді. Тіркес сөздер, таңдалған сөздер адамдардың қиямет пен одан кейінгі жағдайға қатысты қандай да бір күмән келтіруінің алдын алуды көздейді; адамдар ғапылдыққа түспеуі үшін өздерін қандай күннің күтіп тұрғанын ақылы мен сезімдері арқылы ойлап, ақыретті еске түсірулерін бұйырады. Ақырет кезінде жаман жағдайға итермелейтін жамандықтардан қашу және жақсы, қайырымда істер жасауы үшін дүниеқоңыз болмау керек екендіктерін барынша нықтап көрсетеді.

Әшәри мен Матуриди көзқарастарын салыстыра зерттеу – Әһлі Сүннә шеңберіндегі кәламдық көзқарастарды тұтас тану үшін өте маңызды. Бұндай салыстырмалы зерттеулер алғашқы матуриди бағытындағы ғалымдардың еңбектерінен де көруге болады. Мысалы, Насафидың Табсыра еңбегінде Әшәридің кейбір пікірлерін сынға алу байқалады. Осы бағытта жазылған еңбектердің ішінде ең танымалы Шейхзадениң «Назму-л Фәрәйд» атты еңбегі екі ағымның белгілі өкілдерінің көзқарастарын

бір арнаға тоғыстырып, жүйелі салыстырма жасауда биік нәтижелерге жеткен деуге болады. Тафтазанидің «Шәрху-л Ақайд» атты еңбегінде Имам Әшәри мен Имам Матуридидің сенімдік көзқарастарының арасында елу жеті айырмашылықтың бар екенін жазады (Serdar, 2012: 256). Осылайша Матуридия мен Әшәрия мазхабтарының арасындағы айырмашылықты білу арқылы Матуриди ақидасының ерекшелігін тереңірек тануға мүмкіндік болады:

Көркемдік пен ұсқынсыздық (Хусун – кубуһ). Матуридилер бойынша заттардың көркем немесе ұсқынсыз болуы заттың мәніне байланысты. Осыған сәйкес заттардың жақсы/көркем немесе жаман/ұсқынсыз болуы ақыл арқылы танылуы мүмкін. Ақыл арқылы танылған хусун/жақсы, Алла тарапынан әмір етіледі, бұл жағдай кубуһ/жаман нәрселер үшін солай орын алуы мүмкін. Бірақ жаман нәрсені бұйыру Алланың хикметіне сай емес.

Ал, Әшәрилер бойынша хусун мен кубуһ діни үкім арқылы ғана білінеді, ақылмен таныла алмайды, тек қана Алланың әмірі мен тыйымы арқылы ғана бір заттың жақсы немесе жаман екендігі біліне алады (Serdar, 2012: 260). Яғни кез келген нәрсе әмір етілген болса жақсы, тыйым салынса жаман. Әмір мен тыйым болмаса жақсы мен жаман айырымы мүмкін емес. Өйткені көркемдік пен ұсқынсыздық заттың мәніне байланысты танылатын құбылыс емес. Алланың әмірінің арқысында жақсы сипатқа ие, оған дейінгі мәнінде бар жақсы қасиеттің себебінен жақсы емес деген сөз. Алланың тыйым салған нәрселері жаман, асыл мәніндегі жамандығының себебінен емес, тек Алла тыйым салғандықтан жаман. Заттың жақсы немесе жаман екенін ақылмен айыра алмаймыз. Ақыл тек діни үкімдерді танып білу үшін құрал ғана.

Күш жетпейтін міндетті жүктеу. Таклифи мә-Лә-Иутақ. Бұл жердегі тартыс алланың адамға күші мен потенциалының жететін міндетті жүктеуі мәселесінде орын алады. Арабшада тәклиф сөзі біреуге жауапты һәм машақаты көп іс жүктеу деген мағынаға келеді, мә-Лә-иутақ болса адамның күші жеткіліксіз болған нәрсе дегенді білдіреді. Әшәрилер Алланың адамды күші жетпейтін іс бойынша сұраққа ала алатынын, мұның жәйз екендігін айтады (Serdar, 2012: 262).

Матуридилер бойынша, адамның күші жетпейтін нәрсе бойынша жауапкершілікке тартылуы жәйз емес. «Алла әр адамға күші жететін нәрсені ғана міндеттейді» (Бақара 2/286) аяты осыған дәлел. Өйткені күші жетпейтін нәрсемен міндеттелуі пайдасыз бір әрекет. Сонымен қатар,

адамның күші жетпейтін нәрсені жүзеге асыруы да ақылмен мүмкін емес. Пайдасыз бір істі жасау – Алланың хикметіне теріс.

Тәкуин. «Бір нәрсені жоқтықтан бар ету» мағынасын қамтитын тәкуин Алланың жаратушы екендігін білдіретін сипаты. Әшәрилер тәкуин хақиқи бір сипат емес, шартты, салыстырмалы басқа да сипаттар сияқты болғандығынан Алланың затымен бірге емес. Себебі, олардың көзқарасы бойынша тәкуин сипатының ролі жарату. Бірақ, Алланың құдірет сипаты бұл функцияны жүзеге асыруда, осыған сәйкес басқа бір сипатқа мұқтаждық қалып тұрған жоқ. Құдірет сипатының әлемнің пайда болуындағы орны «бол» (қун) әмірімен айқындалып тұр. Осылайша олардың түсінігінше Тәкуиннің орнына Құдірет сипаты «бол» әмірімен байланысты болған. Алланың Кәләм сипаты мәңгі (қадим) болғандықтан «бол» әмірі де қадим және Алланың затымен бірге. Әшәрилерді мұндай көзқарасқа жақын қылған тағы бір себеп, «Тәкуин сипаты ээли деп түсінілген жағдайда мукәууәннің (жаратылған) де ээли болуы керек» болады деген қауіп еді. Олай болса, тәкуин мен мукәууен бірдей болып қабыл етіледі.

Матуриди танымында тәкуин хақиқи жеке бір сипат. Әшәрилердің бұл тұрғыдағы қауіпін тәкуин мен мукәууенді бір бірінен ажырату арқылы шешті. Тәкуин Алланың ээли бір сипаты ретінде мәңгі болса, мукәууән жаратылған және мәңгі емес (Maturidi, 2013: 97). Яғни, тәкуин жаратылғанның емес, Жаратушының сипаты. Тәкуин Алла Тағаланың әлемнің тұтас бөлшектерін пайда қылған кезінде жаратып, жүзеге асыруы. Осылайша, құдірет және ілім сипаттарының себебтерінің хадис (жаратылған) болуы, осы сипаттардың да хадис (жаратылған) болуын қажет етпейтіні секілді, Тәкуин сипатының мәңгі болуы, хадистің (жаратылғанның) де мәңгі болуын қажет етпейді (Sabuni, 2014: 82).

Хикмет пен Себеп. Әшәрилер Алланың іс-әрекеттерінің хикметпен жүзеге аспағандығын айтқанда, Алланың іс-әрекетінің себепке байлаулы еместігімен түсіндіруге тырысады. Алла әрекетін қандайда бір себепке байланысты жасамайды. Осылайша, олар аяттарда айтылатын хикмет ұғымын да Алланың ілім мен құдіретіне қатысты деп түсінеді. Әшәрилердің бұл түсініктері Алланың істерінде хикмет жоқ деп ұғынылмауы тиіс. Өйткені олардың көзқарастарында Алланың істерінде хикмет бар. Бірақ, Оның істерінде хикметтің болуы міндеттілік тұрғысынан емес, жәйз деп қана ұғынылуы керек.

Матуридилер болса, Алланың істерінің бір хикметпен жүзеге асатындығын және себепке сүйенетіндігін айтады. Себепсіздік пен хикметсіздік әбес бір әрекет, Алла да ешқашан орынсыз іс жасамайды. Осыған байланысты оның істерінде хикмет болады. Әрекеттерінің хикметке сүйенуінен, әрекеттердің мәжбүрлікпен жүзеге асуы емес, хикметтің қажеттілігінің орын алатындығы ұғынылуы тиіс.

Алланың сөзін есту. Әшәрилер мен Матуридилер Алланың кәләмының затымен бірге екендігі мәселесінде ортақ пікірде. Олардың арасындағы Кәлам сипатына қатысты ихтилаф, сипаттың өзіне қатысты емес, сипаттың есітіліп, естілмейтіндігіне қатысты. Әшәрилер бойынша «Кәлам-и Нафсидің» естілуі жәйз. Өйткені, Әшәрилердің көзқарасы бойынша бар болған кез келген нәрсенің көрінуі қалай мүмкін болса, естілуі де мүмкін. Матуридилер болса, Кәлам-и Нафсидің естілмейтіндігін тек қана оған дәлел болатын нәтижелер ғана есітіле алатындығын айтады. Өйткені, Матуридилердің көзқарасында естілу деген қасиет материалдық және жаратылған болмыстарға қатысты қасиет. Қадим болған Кәлам-и Нафси жаратылысқа тән болған мұндай бір қасиетпен сипатталынбайды (Serdar, 2012: 259).

Нәтижелері және талқылама

Имам Матуриди исламның сунниттік ұстанымын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеп, дінді оның негізімен сай келмейтін жат ағымдар мен бұрыс пікірлерден тазарту жолында көп еңбек сіңірген ғалым. Мақалада имам Матуридинің теологиялық көзқарастарына талдау жасалып, оның қазақтың дәстүрлі ұстанымымен сабақтастығы көрсетілді. Өйткені Қазақстан жеріне ислам діні араб елдеріндегі қатаң әхли хадис мектебіне тән дәстүрмен таралмады. Орта Азия мұсылмандары, оның ішінде қазақ халқы діни ұстанымы мен көзқарастарында ақидада самарқандтық матуридилік ілімді, фикхта ханафилік мазхабты басшылыққа алды. Өзге мазхабтардың емес, соның ішінде мату-

ридиліктің қазақ даласында орнығуының басты себептерінің бірі, көптеген зерттеушілердің айттып жүргеніндей, түркілердің ежелгі наным сенімдерімен үйлесуінде, танымдық тұрғыдағы алшақтықтың болмауында. Матуридилік ең алдымен жергілікті салт-дәстүрге деген төзімділігімен және жаңашылдыққа деген либералдық қатынасымен ерекшеленді.

Қорытынды

Имам Матуриди өз еңбегінде Ислам дініндегі теологиялық қағидаларды маңызды деп санағандығын байқауға болады. Матуридинің көзқарасы бойынша, ақыл Алланың аяттарының (белгілерінің) бірі, адамды басқа жаратылыстан үстем етіп көрсететін бір ерекшелік, білім алу құралы және әртүрлі істің жағдайы мен реттелуінің негізгі тұсбағдары. Ақылды қандай да бір өзгеріске ұшырамаған және қандай да бір түсінісбеушілік себебінен жарамсыз хәлге келмеген сезім білімімен тең санаған және ақылдың жағдайын фитри (табиғи) білімнің негізі және критерийлері ретінде алға тартқан Матуриди дүниетаным мектебінде ақыл, уахи және сүннетпен бірге талданады және ақыл адам өмірінің еркі мен бақылауына жауап береді. Матуридинің ахлақтық/құқықтық тақырыптарда ақылды уахиден бірінші қойғандығынан, «Матуриди ақылшылығы» тіркесі кәлам әдебиеттерінде орын алған. Ақыл жүргізу және осы бағытта шешім шығарып, әрекет ету Матуридинің көзқарастарына сәйкес, фитри (табиғи) ерекшелік және оны қолданбауды қалау адамның заттық және жинақтық табиғатын жоққа шығару болып саналады.

Сонымен қатар Матуридинің пікірінше, ақылды қателіктер мен кедергілерден сақтау үшін мұқият болып, мақұлданған және белгілі нәрселерге (ма'кул) қоса нақылға да сүйену қажет. Имам Матуридинің басқа да Алла мен әлем байланысы, улухият, иман және тағдыр мәселесі, адамның ерік қалауы жөніндегі теологиялық ұстанымының осы тұрғыдан бүгінгі күн үшін де өте маңызды екендігі анық.

Әдебиеттер

Akimkhanov A. et al (2016) Principles of Abu Mansur Al-Maturidi, central Asian Islamic theologian preoccupied with the question of the relation between the Iman/credo and the action in Islam. Vol 12, № 6. –165-176. https://www.researchgate.net/publication/311460576_Principles_of_Abu_Mansur_Al-Maturidi_central_Asian_Islamic_theologian_preoccupied_with_the_question_of_the_relation_between_the_Imancredo_and_the_action_in_Islam

Әділбаев А. (2018) Имам әл-Матуридинің Имам Әбу Ханифа көзқарастарына қатысты ұстанымдары. / Халықаралық Матуриди симпозиумы (Өткені, бүгінгі мен болашағы). Баяндамалар кітабы. Ред.Кутлу Сөнмез. –Анкара: Olivin Ofset. – 624.

- Bruckmayr, P. (2009) The spread and persistence of Māturīdī kalām and underlying dynamics. In *Iran and the Caucasus*. Vol. 13, Issue 1, – 59-92 <https://doi.org/10.1163/160984909X12476379007882>.
- GötZ, M. (1965) Māturīdī und sein Kitāb Ta'wīlāt al-Qur'ān. *Islam – Zeitschrift Fur Geschichte Und Kultur Des Islamischen Orients*, 41(1), – 27-70. <https://doi.org/10.1515/islam.1965.41.1.27>
- Düzgün, Ş. (2012) Maturidi'nin Kur'an Yorum Yöntemi // *Kader Kelam araştırmaları dergisi*. – Ankara: 2012, –Vol 10, Issue 1, – 1-18.
- Işık, H. (2013) Maturidi'de İnsan Özgürlüğü. – Ankara: Araştırma Yayınları. – 200.
- Zhussipbek, G., Satershinov, B. (2019) Search for the theological grounds to develop inclusive islamic interpretations: Some insights from rationalistic islamic maturidite theology. *Religions*, 10 (11) 609. <https://doi.org/10.3390/rel10110609>
- Керімбай С., Төлеген М., Нәби А., Тасболат А. (2014) Салт-дәстүр сөйлейді. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі. – 325.
- Қалмахан Е. (2018) Имам әл-Матуридидің Имам Әбу Ханифа көзқарастарына қатысты ұстанымдары. / *Халықаралық Матуриди симпозиумы (Өткені, бүгінгі мен болашағы). Баяндамалар кітабы*. – Анкара: Olivin Ofset. – 624.
- Maturidi, Ebu Mansur. (2013) *Kitabu't Tevhid Açıklamalı Tercüme*. Çev. Bekir Topaloğlu. – İstanbul: İSAM Yayınları. – 613.
- Özel, A. (2017) *Hanefi Fıkıh Alimleri ve Diğer Mezheplerin Meşhurları*. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları. – 779.
- Pezdevi, Ebu'l Yüsr. (1963) *Usul ed-Din*, Hans Peter Linss neşri. – Kahire: Dâru ihyâ'i'l-kütübi'l-Arabiyye. –530.
- Sabuni, N. (2014) *Maturidiyye Akaidi*. Çev. Bekir Topaloğlu. – İstanbul: M.Ü. İlahiyat Fakültesi Vakfı Yayınları. – 213.
- Serdar, M. (2012) *Kelam Tarihi*. – Kayseri: Afşar Matbaacılık. – S. 288.
- Yazıcıoğlu, M. (1985) Maturidi kalam ekolunun iki büyük siması: Ebü Mansur Maturidi ve Ebu'l Muin Nesefi // *Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi* 27 (1). – Ankara. – 281-298.
- Yeşilyurt, T. (2012) *Maturidilik: Önemli İsimler ve Temel İlkeler*. Kelam el-kitabı. – Ankara: Grafiker. – 149-156.
- Yurdagur, M. (2017) *Ünlü Türk Kelamcıları– Maveraünnehirden Osmanlı Coğrafyasına*. – İstanbul: M.Ü. İlahiyat Fakültesi Vakfı Yayınları. – 296.

References

- Akimkhanov A. et al (2016) Principles of Abu Mansur Al-Maturidi, central Asian Islamic theologian preoccupied with the question of the relation between the Iman/credo and the action in Islam. 12, 165–176. https://www.researchgate.net/publication/311460576_Principles_of_Abu_Mansur_Al-Maturidi_central_Asian_Islamic_theologian_preoccupied_with_the_question_of_the_relation_between_the_Imancredo_and_the_action_in_Islam (in Kazakh)
- Ädilbaev A. (2018) İmam әл-Матуридидің Имам Әбв Ханифа көзқарастарына қатысты ұстанымдары [Imam al-Maturidi's position on the views of Imam Abu Hanifa]. / *Халықаралық Матуридидің симпозиумы (Өткені, бүгінгі мен болашағы). Баяндамалар кітабы*. Red. Kwtlw Sönmez. – Ankara: Olivin Ofset. – 624. (in Kazakh)
- Bruckmayr, P. (2009) The spread and persistence of Māturīdī kalām and underlying dynamics. In *Iran and the Caucasus* (Vol. 13, Issue 1, pp. 59–92). <https://doi.org/10.1163/160984909X12476379007882>
- GötZ, M. (1965) Māturīdī und sein Kitāb Ta'wīlāt al-Qur'ān. *Islam – Zeitschrift Fur Geschichte Und Kultur Des Islamischen Orients*, 41(1), 27–70. <https://doi.org/10.1515/islam.1965.41.1.27> (in German)
- Düzgün, Ş. (2012) Maturidi'nin Kur'an Yorum Yöntemi ” [Maturidi's Method of Interpretation of the Qur'an. "Word Studies"] // *Kader Kelam araştırmaları dergisi*. – Ankara: 2012, –Vol 10, Issue 1. – 1-18. (in Turkish)
- Işık, H. (2013) Maturidi'de İnsan Özgürlüğü [Human Freedom in Maturidi]. – Ankara: Araştırma Yayınları. – 200. (in Turkish)
- Zhussipbek, G., Satershinov, B. (2019) Search for the theological grounds to develop inclusive islamic interpretations: Some insights from rationalistic islamic maturidite theology. *Religions*, 10 (11) 609. <https://doi.org/10.3390/rel10110609>
- Kerimbay S., Tölegen M., Nәbi A., Tasbolat A. (2014) Salt-dәstүr sөyleydi [Traditions Speak]. - Almaty: «Orxon» Baspa üyi. – 325. (in Kazakh)
- Qalmaxan E. (2018) İmam әл-Матуридидің Имам Әбв Ханифа көзқарастарына қатысты ұстанымдары [Imam al-Maturidi's position on the views of Imam Abu Hanifa]. / *Халықаралық Матуридидің симпозиумы (Өткені, бүгінгі мен болашағы). Баяндамалар кітабы*. – Анкара: Olivin Ofset. – 624. (in Kazakh)
- Maturidi, Ebu Mansur. (2013) *Kitabu't Tevhid Açıklamalı Tercüme* [Kitabu't Tawhid Annotated Translation]. Çev. Bekir Topaloğlu. – İstanbul: İSAM Yayınları. – 613. (in Turkish)
- Özel, A. (2017) *Hanefi Fıkıh Alimleri ve Diğer Mezheplerin Meşhurları* [Hanafi Fiqh Scholars and Famous People of Other Sects]. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları. – 779. (in Turkish)
- Pezdevi, Ebu'l Yüsr. (1963) *Usul ed-Din* [Usul ed-Din]. Hans Peter Linss neşri. – Kahire: Dâru ihyâ'i'l-kütübi'l-Arabiyye. –530. (in Arabic)
- Sabuni, N. (2014) *Maturidiyye Akaidi* [Maturidiyya Akaidi]. Çev. Bekir Topaloğlu. – İstanbul: M.Ü. İlahiyat Fakültesi Vakfı Yayınları. – 213. (in Turkish)
- Serdar, M. (2012) *Kelam Tarihi* [Kalam History]. – Kayseri: Afşar Matbaacılık. – 288. (in Turkish)
- Yazıcıoğlu, M. (1985) Maturidi kalam ekolunun iki büyük siması: Ebü Mansur Maturidi ve Ebu'l Muin Nesefi [Two great figures of Maturidi kalam school: Abu Mansur Maturidi and Ebu'l Muin Neseefi] // *Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi* 27 (1). – Ankara. – 281-298. (in Turkish)
- Yeşilyurt, T. (2012) *Maturidilik: Önemli İsimler ve Temel İlkeler* [Maturidiness: Important Names and Basic Principles]. Kelam el-kitabı. – Ankara: Grafiker. – 149-156. (in Turkish)
- Yurdagur, M. (2017) *Ünlü Türk Kelamcıları– Maveraünnehirden Osmanlı Coğrafyasına* [Famous Turkish Theologians - From Transoxiana to Ottoman Geography]. – İstanbul: M.Ü. İlahiyat Fakültesi Vakfı Yayınları. – 296. (in Turkish)